

ХИМИКТЕР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖАЛҒАСУДА

Жұмағалиева Б.М.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Химия мамандығы бойынша Қазақстан Республикасында өткен ЕҚЫҰ саммиті, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығы, Қазақстан Республикасының президентінің жолдауын қолдау секілді елеулі кезеңдерге арналған кураторлық сағаттар мен қатар Қазақстанның Ұлы химиктерінің өмірбаяндары, ғылыми жұмыстары мен педагогикалық қызметтері туралы кураторлық сағаттарды екі тілде жыл сайын өткізу дәстүрге айналған. Кураторлық сағатқа 1-курс студенттерінен бастап 4-курс студенттеріне дейін түгел қатысады. Сондай кураторлық сағаттардың бірі 2013-2014 оқу жылының 22-сәуірінде «Химиктер сабақтастығы» тақырыбына өткізілді. Осы кураторлық сағаттың қысқаша жоспары мен мазмұнын ұсынып отырмыз.

Кураторлық сағаттың жоспары:

- Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесіне 155 жыл.
- М.Т. Козловскийдің 110 жылдығы.
- Әл-Фараби атындағы Қазақстан Ұлттық университетіне 80 жылдығына байланысты Химия факультетін ширек ғасырдан артық басқарған Б.А. Бірімжанов туралы.
- ҚМПИ-дің химия кафедрасында 20 жылдан артық кафедра меңгерушісі болып істеген З.Е. Утинаға 70 жас.

Осы жоспар бойынша студенттер презентациялар дайындап баяндамалар жасады.

1. Петерс Александра:

Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесіне 155 жыл

Д.И. Менделеев 1834 жылы 27 қаңтарда дүниеге келді. Петербургтің педагогикалық институтының физика математика факультетінің жаратылыстану ғылымдары бөліміне 1850 жылы түсіп, 1855 жылы алтын медальға бітірді. Магистерлік диссертацияны Петербург университетінде жылы қорғап, органикалық химия курсынан дәріс оқиды. 1857 жылы доцент атағы берілді. 1859-1861 жылдар аралығында Германияда Гейделберг университетінде Р.Бунзен мен Г. Кирхгоф істеген лабораторияда іс-сапарда болады. Осы тұста «Сұйықтардың абсолюттік қайнау температурасы» деп аталатын маңызды жаңалық ашады.

Ресейге 1861 жылы қайтып оралып «Органикалық химия» оқулығын шығарады, 1865 жылы «Спирттің сумен қосылыстары» тақырыбына докторлық диссертация қорғайды. Д.И.Менделеевтің жылы ашқан Периодтық заңы ХІХ ғасырдың жаңалықтарының бірі емес, сол мыңжылдықтағы адамзат ойларының ең ірі жетістігі болды. Периодтық жүйені Д.И. Менделеев өмірінің соңғы күндеріне дейін дамытты. Периодтық кестедегі № 101 элемент Менделеев атымен «Менделевий» деп аталды. Біздің күнделікті химия сабағында бұл кестесіз бірде бір сабақ өткізілмейді. Биылғы жылы осы периодтық жүйеге 155 жыл толып отыр. Осыған орай, Құрметті студенттер, сіздер бұл кестені бұрынғыдан да тереңірек талдайды деп сенеміз.

2. Худайбергенов Нияз:

М.Т.Козловскийдің туғанына 110 жыл

М.Т. Козловский 1903 жылы ақпанның 9 жұлдызында Беларуссияның Могилев губерниясында дүниеге келген.

- 1926 – Одесса химия-технологиялық институтын бітірген.
- 1926–1939 – Одесса сот сараптамасы институтында кіші, аға ғылыми қызметкер.
- химия ғылымының докторы (1952)
- профессор (1953)
- 1953 – Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері.
- Қазақстан ҒА-ның академигі (1962)

М.Т. Козловскийдің педагогикалық қызметі Одессада басталды, 1920–1921 жылдары 18 жасар жасөспірім бола тұра ол орта мектептерде сабақ берді және өмір бойы ұстаздық қызметке деген махаббаты да осы кезден басталады.

М.Т. Козловский студенттік шағының өзінде де өзі оқыған институтта аналитик, химиядан ассистент болып жұмыс істейді.

1939–1971 – ҚазМУ-де (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, декан, ғылыми жұмыстар бойынша проректор болып қызмет істеді. 1964 жылдан Қазақстан ҒА Төралқасының мүшесі және химия-технология ғылымдары бөлімшесінің академигі-хатшысы болды. Негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстары сынап катодын электролизде пайдалануға, күшәла (мышьяк) қосылыстарын сынап катодында тотықсыздандыруға арналған. Козловский сынап және амальгама электродтарын қоспадағы металдарды бір-бірінен ажыратуға пайдаланды. 1950 жылдан амальгама химиясы мен амальгамалық металлургия деген жаңа ғылыми бағыттарды зерттеп, оның негізін қалады.

Айырықша, М.Т. Козловскийдің студенттердің өзіндік жұмысы туралы « Это – работа над книгой в читальном зале или дома, в общежитии. ... вся обстановка в вузе должна быть такой, чтобы она способствовала работе студентов ...» /1; 270/ – деген сөздерінің қазіргі оқытудың кредиттік технология жүйесінде де өте өзекті, заманауи мәселе екендігіне көңіл аударғанымыз жөн. М.Т. Козловскийдің алдынан оқыған бір кездегі студенттер, химия ғылымдарының кандидаттары *Б.Жұмағалиева, К. Абдыкалыковалар* қазір бізге дәріс оқуда.

3. *Ахметова Айгул:*

Әл Фараби атындағы ҚазҰУнің химия факультетін басқарған Б.А. Бірімжанов туралы

Б.А. Бірімжанов 10 желтоқсан 1911 жылы, қазіргі Орынбор облысы, Бузулук қаласында өмірге келді.

• Қазақ педагогикалық институтына оқуға түсті. (1932 жылы, қазіргі Қазақ ұлттық педагогика университеті),

• Ленинград мемлекеттік университетінің аспирантурасын (1939) бітірген.

• профессор (1965)

• химия ғылымының докторы (1966)

• Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері (1968).

• Қазақстан Ғылым Академиясының корреспонденциясы мүшесі (1970 жылы)

1934 жылдан Қазақ Мемлекеттік Университетінде (қазіргі Қазақ Ұлттық Университеті) ассистент, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан (1954–80 жылдары) болды.

«Физико-химических процессов образования солей Прибалхашья и их использования» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Негізгі ғылыми еңбектері табиғи тұздар мен оларды пайдалану жолдарына, тыңайтқыштар химиясына арналған.

Бірімжанов құрлықтық тұз түзілу теориясын, Қаратау және Ақтөбе фосфориттерінен концентрленген тыңайтқыш алудың технология схемасын, фосфор және бор қышқылдарын тазарту жолдарын ұсынған; күрделі тұздарды синтездеу, еркін конвекция жағдайында қатты денелердің еру жылдамдығын анықтау әдістерін тапты; мирабилитті «күн қазанында» тенардиттеу, шахта пешінде күкіртті натрий өндірудің үздіксіз тәсілдерін, ультрадыбысты пайдаланып экспресс-әдісі анализін өндіріске енгізді. Ленин орденімен, Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Химия факультетін ширек ғасырдан астам басқарып, факультет тарихында «Алтын дәуір» жасаған Батырбек Ахметұлының есімін бүгінде еліміздің тек химиктері емес бүкіл халқымыз мақтан етеді. Батыр ағаның факультетті басқарған кезде ұжымда жұмыс істеген оқытушылар мен қызметкерлер және факультетте оқыған студенттер ол кісілер кішіпейілділігін, көрегендігін, парасаттылығын үлкен мақтанышпен айтады. Факультетті ол кісі басқарған кезде, сол факультеттің студенттері болған х.ғ.к., профессор (қазір зейнеткер) Қ. Қанафин, х.ғ.к., кафедра меңгерушісі болып істеген З.Е. Утиналардың осы ҚМПИ-дің қалыптасуына, дамуына көп еңбектері сіңді. Б.А. Бірімжановтың әр студент, әр аспиранттың тұлға

болып қалыптасуына бар күш жігерін аямайтындығын «Эпоха Беремжанова» /2; 225/ кітабынан оқып білдік.

4. *Тукманов Жангелді:*

З.Е. Утинаға 70 жас

Утина Зауреш Есмұханқызы 1944 жылдың маусым айының 5 жұлдызында Қостанай облысының Әуликөл (бұрынғы Семиозер) ауданында туған. З.Е. Утина Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің химия факультетіне 1962 жылы оқуға түсті.

- 1975 жылдан бастап химия кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды.

- 1978 жылы Зауреш Есмұханқызына КСРО-ның жоғарғы аттестациялық комиссиясы “доцент” атағын берді.

- 1984 жылы наурыздың 20 жұлдызында оқу үрдісіне бар күшін, уақытын аямай сіңірген еңбегі үшін КСРО оқу министрлігі З.Е. Утинаға “Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері” белгісімен марапатталды.

- Зауреш Есмұханқызы 1985-1988 жылдары биология-химия факультетінің деканы болып жұмыс істеді, ал 1989 жылдан бастап қайтадан кафедра меңгерушілігіне тағайындалды.

З.Е.Утина Б.А. Беремжановтың алдынан оқыған, өз кезегінде З.Е. Утинаның алдынан оқыған студенттер мен кафедрада бірге істеген ұжым мүшелері өз жұмысына қоятын талабы жоғары, жауапкершілігі мол екендігін айтады.

Ия, «Химиктер сабақтастығы» деген де осы шығар. Осы кураторлық сағаттағы химиктердің өмірінің студенттерге ғылыми және адами жағынан да үлгі болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Михаил Козловский. Өнегелі өмір. Вып. 30 / под ред. Г.М.Мутанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 368 б.

2 Эпоха Беремжанова / под ред. Б.Т. Жумагулова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 437б.

РОЛЬ КУРАТОРА В СОВРЕМЕННОМ ВУЗЕ

Кауханова М.С.,

АркГПИ им. Ы. Алтынсарина, г. Аркалык

Куратор – профессиональная роль, можно сказать, одна из профессиональных функций преподавателя, связанная с педагогической поддержкой студентов как взрослых обучающихся. Кураторство предполагает такую педагогическую поддержку, которая необходима на протяжении всего обучения в вузе. Эта поддержка может носить разную степень вовлеченности в жизнь студента, т.к. на первом курсе необходима помощь в адаптации, а на последних курсах требуется помощь в научном самоопределении. Работа кураторов строится в соответствии с Положением о кураторе студенческой группы, которое утверждено ректором вуза. Куратору следует тщательно изучить Положение и ознакомить с ним студентов. Тематический план кураторских часов следует составлять на семестр с последующими отметками о времени и качестве выполнения намеченных пунктов. Данный план и отчет по нему являются важнейшим подтверждением проведенной кураторской работы. Функции куратора: информирование, организация жизни группы и благоприятного психологического климата, решение оперативных задач, возникающих в связи с академическими трудностями студентов, обеспечение соблюдения установленных студенческой группой правил внутри вуза. Иными словами, куратор – посредник между студентами и жизнью вуза. На первом курсе он особенно необходим, но и на старших курсах потребность в кураторе велика. Студенческая группа, как на первом, так и на последующих курсах, состоит из студентов разного психологического возраста и, следовательно, разного уровня ответственности и отношения к собственным жизненным выборам.